**«БЕКІТЕМІН»**
**Басқарма Төрағасы – Ректор**
**__________ А.Ж. Шокпаров**
**«02» 09 2025 ж.**

**УЕ-04-01-02**
# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАТЫСУ ҮШІН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУДЕН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

**Түркістан, 2025**

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

## КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

***ӘЗІРЛЕНДІ:***

Халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшысы ________________ Ә. Дильмуратқызы «02» 09 2025 ж.

***КЕЛІСІЛДІ:***

Әлеуметтік даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі вице-ректор ________________ Б.К. Мырзаев «02» 09 2025 ж.

Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор ________________ Л.И. Шалабаева «02» 09 2025 ж.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі басшысы ________________ Д.Е. Бейсембаева «02» 09 2025 ж.

Әкімшілік бөлімінің басшысы ________________ Қ.Ж. Тубеков «02» 09 2025 ж.

Тіркеу кеңсесінің басшысы ________________ М.Ж. Тұрғанбек «02» 09 2025 ж.

Академиялық даму бөлімінің басшысы ________________ Г.Ж. Сыздыкова «02» 09 2025 ж.

Сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы ________________ Ж.А. Сейткулова «02» 09 2025 ж.

Әкімшілік бөлімінің бас маманы (заңгер) ________________ Е.А. Тасов «02» 09 2025 ж.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

**МАЗМҰНЫ**

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Жалпы ережелер | 4 |
| 2 | Нормативтік-құқықтық актілер мен құжаттар | 4 |
| 3 | Терминдер, анықтамалар және қысқартулар | 5 |
| 4 | Конкурсты жариялау тәртібі | 5 |
| 5 | Білім алушыларды конкурстық іріктеуді өткізу жөніндегі комиссия | 5 |
| 6 | Конкурстық іріктеуді ұйымдастыру | 6 |
| 7 | Жауапкершілік және өкілеттіктер | 7 |
| 8 | Келісу, сақтау және тарату | 7 |
| 9 | Өзгерістерді тіркеу парағы | 9 |
| 10 | Танысу парағы | 10 |
| | Қосымша 1 | 11 |
| | Қосымша 2 | 12 |
| | Қосымша 3 | 13 |

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы «Халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысу үшін білім алушыларды конкурстық іріктеуден өткізу туралы ереже» (бұдан әрі – Ереже) «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) білім алушыларының халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуы туралы шешім қабылдау тәртібі мен рәсімдерін реттейді.

1.2 Осы Ереже Білім беру қызметі саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге және Университет Жарғысына сәйкес әзірленді.

1.3 Университетте конкурсты ұйымдастырушы халықаралық ынтымақтастық бөлімі болып табылады, ол конкурстық комиссияны (бұдан әрі – Комиссия) қалыптастырады, оның дербес құрамы Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорының (бұдан әрі – Ректор) бұйрығымен бекітіледі.

1.4 Конкурсқа мектеп директорларының немесе білім беру үдерісімен бірге жүретін Университеттің құрылымдық бөлім басшыларының ұсынымдарын алған білім алушылар қатыса алады.

1.5 Конкурс шеңберінде серіктес ұйымдағы (жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын шетелдік білім беру ұйымдары, Университетте іске асырылатын білім беру бағдарламаларын іске асыруды және дамытуды, сондай-ақ ғылыми зерттеулер мен жобалардың деңгейі мен әлеуетін арттыруды қамтамасыз ететін ғылыми, зерттеу, ғылыми-өндірістік және басқа да ұйымдар) білім беру бағдарламалары аясында халықаралық академиялық ұтқырлыққа қатысуға құжаттар берген білім алушылардың өтінімдеріне қолдау көрсетіледі.

1.6 Университеттің білім алушылары оқу негізіне қарамастан (мемлекеттік бюджет қаражаты үшін немесе жоғары білім беру бағдарламалары бойынша ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарттар бойынша) конкурсқа қатысуға және халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуға тең құқықтарға ие.

1.7 Конкурстық іріктеуден өткен білім алушылар күнтізбелік жыл ішінде бір реттен артық емес халықаралық академиялық ұтқырлықтың әрбір түрі бойынша қатыса алады.

1.8. Егер халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасы қабылдаушы тараптың есебінен толық іске асырылған жағдайда, үміткерлер де конкурстық іріктеу рәсімінен өтеді.

1.9 Халықаралық бағдарламаға қатысу Университетте оқытудың нормативтік мерзімін ұлғайтуға әкеп соқпайды.

1.10 Білім алушының академиялық ұтқырлықтың халықаралық бағдарламасына қатысуы білім алушының Университетте оқу ақысын төлеу мөлшерін өзгертуге әкеп соқпайды.

1.11 Құжаттарды қабылдау және конкурс өткізу мерзімдерін жыл сайын Университет Ректоры бекітеді және құжаттарды қабылдау мерзімі Университет сайтында жарияланады.

1.12 Осы Ереже Университет Ректоры бекіткен сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.

## 2. НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР МЕН ҚҰЖАТТАР

Осы ереже мынадай сыртқы нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

– «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы;

– «Шетелде, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға жіберу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы №613 бұйрығы;

– «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы;

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

– «Білім беру ұйымдары жүзеге асыратын халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м. а. 2007 жылғы 27 желтоқсандағы № 661 бұйрығы);

– «Шетелде, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға жіберу ережесі» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы №549 бұйрығы;

– Университеттің «Білім алушылары мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығы туралы Ереже» (24.12.2024 ж.).

## 3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Терминдер, анықтамалар

**Конкурс** – процесті өткізу алдында айқындалған қағидаларға сәйкес жеңіске ең үздік үміткерді (конкурсанттарды) айқындау процесі.

**Комиссия** – конкурстық іріктеуді жүзеге асыруға арнайы өкілеттіктері бар Университеттің білікті қызметкерлері қатарындағы тұлғалар тобы немесе тұлғалар тобынан шыққан білікті маман.

**Академиялық ұтқырлық** – білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге оқыту немесе зерттеу жүргізу үшін өз ЖОО-да кредиттер түрінде не басқа ЖОО-да оқуын жалғастыру үшін игерілген білім беру бағдарламаларын міндетті түрде қайта есептей отырып, басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) ауыстыру.

**Сыртқы (халықаралық) академиялық ұтқырлық** – білім алушыларды, магистранттарды шетелдік білім беру мекемелерінде оқыту, сондай-ақ шетелдік білім беру немесе ғылыми мекемелерде оқытушы-зерттеушілердің жұмысы.

**Ішкі академиялық ұтқырлық** – білім алушыларды оқыту, сондай-ақ Университет оқытушылары мен қызметкерлерінің жетекші қазақстандық жоғары оқу орындарындағы жұмысы.

**Білім алушылар** – бакалавриат бағдарламаларын, магистратура бағдарламаларын, докторантурада ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау бағдарламаларын меңгерген тұлғалар.

**Академиялық ұтқырлыққа қатысушылар** – Университеттің білім алушылары мен қызметкерлері.

3.2. Қысқартулар

| | | |
|---|---|---|
| TOEFL | - | (Test of English as a Foreign Language) - АҚШ-та қабылданған шет тілі ретінде ағылшын тілінен Халықаралық емтихан. |
| IELTS | - | (International English Language Testing System) – Ұлыбританияда қабылданған шет тілі ретінде ағылшын тілінен Халықаралық емтихан. |
| TOMER | - | (Түрік және шет тілдерін оқыту және қолдану орталығы) - түрік тілін меңгеру деңгейін бағалайтын оқуға қабылдау және сертификаттауға арналған тест. |

## 4. КОНКУРСТЫ ЖАРИЯЛАУ ТӘРТІБІ

Конкурсты ұйымдастырушы Университеттің ресми сайтында конкурс туралы хабарламаны және оны реттейтін барлық нормативтік құжаттарды жариялайды. Мектеп директорлары, білім алушылар және Университеттің өзге де құрылымдық бөлімдері арасында конкурс туралы ақпараттық материал дайындайды және таратады.

## 5. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУДІ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

5.1 Университеттің халықаралық бағдарламалары мен жобаларына қатысу үшін білім алушыларды конкурстық іріктеуді өткізу жөніндегі Комиссия Университет ректоры жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

5.2 Комиссияның негізгі міндеттері:

– білім алушылар арасында Университеттің халықаралық бағдарламалары мен жобаларының әлеуетті қатысушыларын сапалы және ашық іріктеуді қамтамасыз ету;

– Университеттің халықаралық бағдарламаларын ұйымдастыру мәселелерінде университет ұжымының хабардар болуын қамтамасыз ету.

5.3 Комиссия өз құзыреті шегінде:

– акт ректордың қарауына рәсімді жетілдіру, Университеттің халықаралық бағдарламалары мен жобаларының әлеуетті қатысушыларын конкурстық іріктеу критерийлерін өзгерту туралы ұсынымдар енгізеді;

– Университет білім алушыларының ЖОО-ның халықаралық бағдарламалары мен жобаларына қатысу мәселелері бойынша өтініштерін қарау;

– Университеттің халықаралық бағдарламалары мен жобаларын ұйымдастыру бойынша білім алушылар арасында түсіндіру әңгімелесулерін өткізуге жәрдемдесу;

– коммерциялық, қызметтік құпияны қамтитын құжаттарды қоспағанда, барлық құрылымдық бөлімшелерден және олардың басшыларынан өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды сұрату.

5.4 Комиссия Төрағасы:

– Комиссия қызметіне басшылық жасайды;

– Комиссия отырыстарына төрағалық етеді;

– Комиссия отырыстарының күн тәртібін айқындайды;

– Комиссия отырыстарын шақырады.

5.5 Комиссия тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады және тікелей Университет ректорына бағынады.

5.6 Комиссия төрағасы Университет Ректоры болып табылады.

5.7 Комиссия құрамы Ректордың бұйрығымен бекітілетін Комиссия төрағасы мен мүшелерінен тұрады.

5.8 Комиссия отырысын өткізу үшін кворум комиссия мүшелерінің кемінде жартысынан тұрады. Комиссияның әрбір мүшесінің бір дауысы бар. Комиссия шешімдері, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқаша көзделмесе, отырысқа қатысып отырған комиссия мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Комиссия төрағасының немесе отырысқа төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

5.9 Комиссия мүшелері кандидаттардың құжаттарын осы Ереженің 1-қосымшасында берілген критерийлер негізінде жеке және ұжымдық бағалауды жүзеге асырады. Бағалау нәтижелері бойынша 2-қосымшаға сәйкес қорытынды балл қалыптастырылады, оның негізінде кандидаттың Бағдарламаға қатысуға ұсынылуы туралы қорытынды шешім қабылданады.

5.10 Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді. Комиссия отырысының хаттамасына оның төрағасы мен хатшысы қол қояды

## 6. КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

6.1 Конкурстық іріктеу ашық болып табылады және қажеттілігіне қарай өткізіледі.

6.2 Шетелде оқуға арналған ұсынымдар туралы шешім үшін комиссия университеттің халықаралық бағдарламасында/ жобасында және/немесе университеттің білім алушылары мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығы туралы Ережеде (24.12.2024 ж.) көзделген құжаттар пакетін қарайды.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

6.3 Шет тілін білетіндігін растайтын сертификат болмаған жағдайда, шет тілін меңгеру деңгейін анықтау үшін Комиссия отырысына дейін Тіл мектебінің өкілдері және Халықаралық ынтымақтастық бөлімі басшысының қатысуымен тілдік емтихан өткізіледі.

Емтихан шет тілін (ағылшын, түрік) білу деңгейін анықтауға арналған тестілеу түрінде өткізіледі.

Сынақ шамамен 1 сағатқа созылады. Төрт модульден тұрады:

– Listening (тыңдау дағдылары 2 рет, 10 минут);
– Reading (оқу дағдылары, 15 минут);
– Writing(жазбаша ағылшын тілі дағдылары, 20 минут);
– Speaking (ағылшын тілінде сөйлеу дағдылары, 10-15 минут).

6.4 Шет тілін (ағылшын, түрік) білу деңгейін анықтау бойынша тестілеуден белгіленген ең төменгі талаптарға сәйкес келетін нәтижемен шет тілі (ағылшын, түрік) бойынша емтихан тапсыру туралы белгіленген нысандағы жарамды ресми сертификаттың көшірмесін ұсынған адамдар босатылады.

6.5 Іріктеу рәсімі мыналарды қамтиды:

– әлеуетті қатысушылардың конкурстық өтінімдері мен құжаттарын қабылдау және тіркеу;

– әлеуетті қатысушылардың конкурстық өтінімдері мен құжаттарының бекітілген критерийлерге сәйкестігіне сараптама жасау. Олардың әрқайсысы бойынша балдар жүйесі көрсетілген критерийлер осы Ереженің 2-қосымшасында көрсетілген. Ол критерийлерде университетте бір академиялық кезеңнің аяқталуы, үлгерімнің орташа балы, шет тілін білу деңгейі және ЖОО-ның қоғамдық істеріне қатысу, өңірдегі және білім беру нарығындағы оның оң имиджін арттырулары ескеріледі.

6.6 Комиссия өтінімдерді алып тастауға құқылы:

– қатысу критерийлеріне сәйкес келмейді;
– қажетті құжаттардың толық жиынтығы жоқ.

6.7 Оқыту бағыты (ұтқырлық бағдарламалары) ұтқырлықты ұйымдастыру үшін қол жетімді бағдарламалар тізбесіне және қабылдаушы серіктес университеттердің мамандықтарына байланысты және әрбір білім алушы дербес таңдай алмайды. Бұл ретте білім алушының Университет ұсынған ұтқырлық бағытынан бас тартуға құқығы бар.

## 7. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

7.1 Халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу үшін білім алушыларды конкурстық іріктеуді ұйымдастыру және өткізу үшін халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшысы жауапты болады.

7.2 Халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшысы осы Ереженің талаптарының орындалуын бақылауға өкілетті.

## 8. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

8.1 Осы Ереже Білім беру қызметі саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге, Университет Жарғысына сәйкес әзірленді.

8.2 Ереже жойылғанға немесе жаңасымен ауыстырылғанға дейін қолданылады.

8.3 Ережеге өзгерістер университет ректорының бұйрығы негізінде енгізілуі тиіс.

8.4 Ұйымның немесе құрылымдық бөлімнің атауы өзгерген жағдайда ереже ауыстырылуы және қайта бекітілуі тиіс.

8.5 Ереже комиссия мүшелері мен бөлім қызметкерлерінің назарына қол қойғызып жеткізіледі.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

8.6 Бекітілген Ереженің жұмыс данасы бөлімде, ал түпнұсқасы Сапаны қамтамасыз ету бөліміне сақтауға беріледі.


Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

## 9. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

| № р/с | Парақ нөмерлері | | | Өзгерістер енгізу негізі | Қолы | Өзгерістерді енгізген тұлғаның аты-жөні | Күні | Өзгерістердің енгізілген күні |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ауыстырылған | жаңа | жойылған | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

# 10. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

| № р/с | Т.А.Ж | Лауазымы | Күні | Қолы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Дильмуратқызы Э. | басшы, ХНБ | 02.09.2025 | [signature] |
| 2 | Жайып Е. | ХОБ бас маманы | 02.09.2025 | [signature] |
| 3 | Сурменова А. | ХОБ, бас маман | 03.09.2025 | [signature] |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және мейманадостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

*Қосымша 1*
*Ф-04-01/14*

**Конкурстық комиссия мүшелерінің академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелде оқуға үміткерлерді бағалау критерийлері**

| Бағалау критерийлері | Баға |
|---|---|
| **1. Уәждеме деңгейі, мамандықты таңдауды түсіну деңгейі, алған білімін ел игілігі үшін пайдалану ниеті** | |
| Уәждеме деңгейі, мамандықты таңдауды түсіну деңгейі, алған білімін ел игілігі үшін пайдалану ниеті толығымен ашылған, айқын коммуникативтік ой, фактілерге және мысалдарға, оның ішінде жеке тәжірибесі мен бақылауларына сүйеніп әрекет ете біледі | 5 |
| Үстіртін уәждеме, коммуникативтік ойы байқалады, өзінің жеке бақылауларына немесе бір дереккөзінен алынған мысалдарға сүйене отырып дәлел келтіреді | 4 |
| Уәждемесі толық ашылмаған, келешек туралы түсінік жоқ, дәлел жеке тәжірибесіне негізделген, мысалдар мен фактілер жоқ | 3 |
| Жауабының мазмұны уәждеме деңгейі туралы үстіртін түсінік береді, логикалық бұзушылықтары бар фрагментті дәлел | 2 |
| Жауап ойлау логикасы мен сөйлеу сапасы, дәлелдеу деңгейі туралы түсінік бермеді | 1 |
| Сұхбаттасуға келген жоқ/ Жауап берілмеген | 0 |
| **2. Оқудағы және/немесе таңдалған мамандық/кәсіп саласындағы теориялық (базалық) білім деңгейі/жетістіктерінің болуы** | |
| Таңдалған кәсібі немесе мамандығы бойынша үздік танымы, әртүрлі мысалдар мен фактілер, оның ішінде жеке тәжірибесінен келтірілген | 5 |
| Таңдалған кәсібі немесе мамандығы бойынша жақсы танымы, әртүрлі мысалдар мен фактілер келтірілген | 4 |
| Таңдалған кәсібі мен мамандығы бойынша танымы фрагментті, олқылықтар бар, мысалдар берілмеген | 3 |
| Танымның әлсіздігі, елеулі олқылықтар бар | 2 |
| Жауап ойлау логикасы мен сөйлеу сапасы, дәлелдеу деңгейі туралы түсінік бермеді | 1 |
| Сұхбаттасуға келген жоқ/ Жауап берілмеген | 0 |
| **3. Ойлау логикасы мен сөйлеу сапасы, жекебас қасиеттері, жағдаяттық мәселелерді шешу дағдылары** | |
| Ойын логикалық түрде жеткізе алады, негізсіз қайталаулардың болмауы және бірізділік, грамматикалық құрылымы дұрыс жасалған, терминдерді ретімен қолданған | 5 |
| Ойдың бірізділігі бұзылмаған, мағыналық және логикалық құрылымы бар, сөзі біркелкі, бірақ сөздік қоры жеткілікті | 4 |
| Сөйлеу логикасында іркіліс бар, ойын айқын жеткізе алмайды, сөздік қоры жеткіліксіз | 3 |
| Мағынасын түсінуге кедергі келтіретін өрескел логикалық бұзылулар мен сөйлеу сапасының төмендігі | 2 |
| Жауап ойлау логикасы мен сөйлеу сапасы, дәлелдеу деңгейі туралы түсінік бермеді | 1 |
| Сұхбаттасуға келген жоқ/ Жауап берілмеген | 0 |

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

*Қосымша 2*

*Ф-04-01/15*

**Конкурстық комиссия мүшелерінің академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелде оқуға үміткерлерді бағалау парағы**

| | | |
|---|---|---|
| **1 . Үміткер туралы жалпы ақпарат** | | |
| Оқу елі: | | |
| Мамандық: | | |
| Үміткердің ТАӘ: | | |
| **2. Жеке әңгімелесу бағалары** | | |
| 1. Уәждеме деңгейі, мамандықты таңдауды түсіну деңгейі, алған білімін ел игілігі үшін пайдалану ниеті | ☐ | 5 – өте жақсы |
| | ☐ | 4 - жақсы |
| | ☐ | 3 - қанағаттанарлық |
| | ☐ | 2 – қанағаттанғысыз |
| | ☐ | 1 – нашар |
| | ☐ | 0 - сұхбаттасуға келген жоқ немесе сұраққа жауап бермеді |
| 2. Оқудағы және/немесе таңдалған мамандық/кәсіп саласындағы теориялық (негізгі) білім деңгейі/ жетістіктері болу | ☐ | 5 – өте жақсы |
| | ☐ | 4 - жақсы |
| | ☐ | 3 - қанағаттанарлық |
| | ☐ | 2 – қанағаттанғысыз |
| | ☐ | 1- нашар |
| | ☐ | 0 - сұхбаттасуға келген жоқ немесе сұраққа жауап бермеді |
| 3. Ойлау логикасы мен сөйлеу, дәлелдеу сапасының деңгейі | ☐ | 5 – өте жақсы |
| | ☐ | 4 - жақсы |
| | ☐ | 3 - қанағаттанарлық |
| | ☐ | 2 – қанағаттанғысыз |
| | ☐ | 1 – нашар |
| | ☐ | 0 – сұхбаттасуға келген жоқ немесе сұраққа жауап бермеді |
| **3. Қорытынды бағасы** | | |

_________________ _______________________________ ___________________

*(Қорытынды бағасы)* *(Конкурстық коммиссия мүшесінің Т.А.Ә)* *(қолы)*

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

***Қосымша 3***

*Ф-04-01/16*

**Өтінімдер мен құжаттарды бағалау критерийлері**

| № | Критерийлер | Бағалау жүйесі | |
|---|---|---|---|
| | | **Баға** | **Балл** |
| 1 | Оқу үлгерімі | 4,0 | 5 |
| | | 3,67 | 4 |
| | | 3,33 | 3 |
| | | 3,0 | 2 |
| | | 2,67 | 1 |
| 2 | Ұсыныс хат (мектеп директорларынан, оқытушылардан және т.б.) | ұсынылады | 5 |
| | | ұсынылады, бірақ ескертулермен | 3 |
| | | резервке ұсынылады | 1 |
| | | ұсынылмайды | 0 |
| 3 | Шетел тілін меңгеру деңгейі | IELTS - 9,0<br>TOEFL – 118-120 | 5 |
| | | IELTS - 8,0-8,5<br>TOEFL – 110-117 | 4 |
| | | IELTS – 7,0-7,5<br>TOEFL – 94-109 | 3 |
| | | IELTS – 6,0-6,5<br>TOEFL – 60-93 | 2 |
| | | IELTS – 5,0-5,5<br>TOEFL – 35-59 | 1 |
| | | Отсутствует сертификат | 0 |
| 4 | Ынталандыру марапаттарының болуы (республикалық және халықаралық деңгейдегі) | Диплом | 5 |
| | | Грамота | 4 |
| | | Алғыс хат | 3 |
| | | Сертификат | 2 |
| 5 | Мотивациялық хат | Дәлелді мазмұн мен жауаптар, мотивациялық хат (1 беттен аспайды) | 5 |
| | | Анық емес дәлелдер, мазмұны мен мақсаты, мотивациялық хаттың көлеміне қойылатын талаптардың сақталмауы | 4 |
| | | Мазмұны мен мақсаттарын қанағаттанарлықсыз ашу, мақсаты ашылмаған және мотивациялық хатқа қойылатын талаптар сақталмаған | 3 |
| | | Мазмұны мен дәлелдері әлсіз, мақсаты жоқ, мотивациялық хаттың көлеміне қойылатын талаптар сақталмаған | 2 |

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және мейманд остық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды